БЕКІТЕМІН
Қ.Құлажанов ат. ҚазТБУ» ректоры
_____ Л.К. Байболова
«06 2025 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ТІРКЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ
ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-07

КЕЛІСІЛДІ
АС жөніндегі проректор
_____ Э.Б. Аскарбеков
«18» 06 2025 ж.

Астана, 2025

АЛҒЫСӨЗ

Осы Ережені «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Тіркеу кеңсесі әзірледі.

Осы Ереже Ректордың титул парағында жеке қолымен бекітіледі.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ барлық ҚБ үшін олардың СМЖ-мен байланысты қызметі бөлігінде міндетті болып табылады.

Осы Ережеге мерзімді тексеруді Тіркеу кеңсесінің жетекшісі 3 жылдан аспайтын аралықта жүргізеді.

Құжатталған ақпаратты басқару процесінің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыруға және үйлестіруге оқу процесіне қатысты құрылымдық бөлімшелер жауапты болады.

ПР 11-11. 166-2022, 2024 жылғы 29 ақпандағы 4-редакциядағы нұсқасы ауыстырылып енгізілді.

МАЗМҰНЫ

1	Құжат атауы	4
2	Әзірлеуші	4
3	Құжатты жасалу мақсаты	4
4	Нормативтік сілтемелер	4
5	Терминдер мен анықтамалар	5
6	Қолданылған қысқартулар мен белгілеулер	6
7	Жалпы ережелер	7
8	Білім алушылардың білім траекториясын таңдау рәсімі	8
9	Білім алушыларды элективті пәндерге тіркеу рәсімі	8
10	Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-қимылдар	9
11	Жауапкершілік және өкілеттіктер	10
13	Құпиялылық	10
14	Келісу парағы	11
15	Танысу парағы	11
16	Өзгерістерді тіркеу парағы	12
17	Тексерулерді есепке алу парағы	12

1 ҚҰЖАТ АТАУЫ

Білім алушыларды пәндерге тіркеу ережелері ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-07

2 ӘЗІРЛЕУШІ

Тіркеу кеңсесі

3 ҚҰЖАТТЫҢ ЖАСАЛУ МАҚСАТЫ

3.1 Осы Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу ережелері (бұдан әрі - Ережелер) «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ-да білім алушыларды пәндерге тіркеу рәсіміне қолданылады. (бұдан әрі - Университет)

3.2 Осы Ережелерді әзірлеу және оларды Университеттің оқу процесіне енгізу мақсаттары:

3.2.1 белгіленген мерзімдерді, нысандар мен ережелерді сақтауға бағытталған білім алушыларды оқу пәндеріне және оқытушыларға жазу рәсімін нақты ұйымдастыру;

3.2.2 білім алушылардың элективті пәндер каталогына енгізілген пәндерді таңдау еркіндігін қамтамасыз ету, бұл білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыруға тікелей қатысуын негіздейді;

3.2.3 білім алушылардың оқытушыны таңдау еркіндігін қамтамасыз ету;

3.2.4 білім алушыларға білім беру траекториясын таңдауда жәрдемдесетін эдвайзерлерді оқу процесіне тарту.

4 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 МС ISO 9001: 2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

4.2 МС ISO 9000: 2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

4.3 МС ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі.

4.4 «Білім туралы» ҚР Заңы 27 шілде 2007 жыл №319-III (15.04.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен).

4.5 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы (03.01.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.6 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы заңы (24.06.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.7 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы (22.04.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.8 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы (26.07.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.9 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (26.03.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.10 «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы (21.05.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.11 «Жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы (05.01.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.12 «Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы N 613 бұйрығы (31.03.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.13 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы №174 бұйрығы.

4.14 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы (21.07.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.15 «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №322 бірлескен бұйрығы.

5 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтамасы
Академиялық еркіндік	білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдану мақсатында таңдау компонентінің пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім беру мазмұнын дербес айқындау және білім беру қызметін ұйымдастыру үшін оларға берілетін білім беру процесі субъектілері өкілеттіктерінің жиынтығы
Академиялық кезең (Term)	Білім беру ұйымы үш нысанның бірінде дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі: семестр, триместр, тоқсан.
Академиялық кредит	білім алушының және оқытушының ғылыми оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі
Академиялық күнтізбе (Academic Calendar)	Оқу жылы ішінде демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді)көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі
Академиялық сағат	Оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең (1 академиялық сағат кемінде 40 минутқа тең), академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде пайдаланылады
Білім алушылардың оқудағы жетістіктері	Білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері

Жеке оқу жоспары	Білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әрбір оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары
Модуль	Білім алушылардың алған білімдері, біліктері, дағдылары, құзыреттіліктері және бағалаудың барабар критерийлері бар білім беру бағдарламасының дербес, оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған құрылымдық элементі
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық	сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық .
Кредиттік оқыту технологиясы	Білім беру траекториясын таңдау және кредиттер түрінде игерілген оқу материалының көлемін есепке алу негізінде өздігінен білім алу және білімді шығармашылық игеру деңгейін арттыруға бағытталған білім беру технологиясы.
Постреквизиттер (Postrequisite)	зерделеу үшін осы пәнді зерделеу аяқталғаннан кейін алынған білім, ептілік, дағдылар мен құзыреттер талап етілетін пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері және (немесе) модульдер.
Пререквизиттер (Prerequisite)	оқытылатын пәнді меңгеру үшін қажетті білімді, іскерлікті, Дағдылар мен құзыреттерді қамтитын пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері және (немесе) модульдер.
Процестің тәуекелдері	Туындаған жағдайда процестің барысына теріс әсер етуі және оның нәтижелілігін төмендетуі мүмкін іс-әрекеттер, оқиғалар немесе жағдайлар, сондай-ақ сәйкестендірілген тәуекелдердің туындауын төмендетуге бағытталған алдын алу іс-әрекеттері.
Сапа менеджменті жүйесі	Сапа менеджменті жүйесінің бір бөлігі.
Эдвайзер (Advisor)	тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын игеруге жәрдемдесетін оқытушы.
Элективті пәндер	жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, білім алушының жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер

6 ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқартулар	Толық атауы
Университет	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» Акционерлік қоғамы
ҒЖБМ	Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ААЖ	Автоматтандырылған ақпараттық жүйесі
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
ҚБ	Құрылымдық бөлімшелер
АС	Академиялық сұрақтар
ІӘРЕ	Іс-әрекет реті туралы ереже

ЖООК	ЖОО компоненті (пән)
МжБС	Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты
БЖОЖ	Білім алушының жеке оқу жоспары
Осы Ережелер	«Білім алушыларды пәндерге тіркеу ережелері ҚазТБУ-ТК-ІТЕ-8.3/8.1-2025-07
КОТ	Кредиттік оқыту технологиясы
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
ТК	Таңдау компоненті (пәні)
ТК	Тіркеу кеңсесі
ББ	Білім беру бағдарламасы
МК	Міндетті компонент
ОЖЖ	Оқу жұмыс жоспары
ҮОҚ	Үлгілік оқу жоспары
ББББ	Білім беру бағдарламаларының басқармасы
СҚжАБ	Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу басқармасы
ОӘЖ	Оқу-әдістемелік жұмыс
ЖҚБ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру басқармасы
АТБ	Ақпараттық технологиялар басқармасы
ҚжСЖҚБ	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басқармасы

7 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Оқу жоспарлары екі нысанда әзірленеді: БЖОЖ және ОЖЖ.

7.2 Әрбір ББ бойынша білім беру ұйымы ЭПК әзірлейді, ол білім алушыларға жеке білім беру траекториясын қалыптастыру үшін элективті оқу пәндерін балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

7.3 ББ және ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен БЖОЖ әзірлейді.

7.4 БЖОЖ, ЖООК, ТК пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практикалар, ғылыми-зерттеу / эксперименттік-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестаттау нысандары) енгізіледі.

7.5 Техникалық және кәсіптік немесе жоғары білім беру базасында қысқартылған оқу мерзімі бар ББ-нда білім алушы қол жеткізілген оқу нәтижелеріне, білім берудің алдыңғы деңгейінде игерілген пререквизиттеріне байланысты өзінің БЖОЖ қалыптастырады, олар міндетті түрде Университетте қайта есептеледі және оның транскриптіне енгізіледі.

7.6 Білім алушы ББ және ТК шеңберінде оқытудың жеке траекториясын айқындау кезінде: негізгі ББ бойынша пәндерді және қосымша ақы төлеу бойынша пәндерді таңдайды.

7.7 Таңдау бойынша курстардың мазмұнымен білім алушылар бағдар беру аптасында эдвайзерлердің көмегімен оқытушылар өткізетін презентацияларда танысады.

7.8 Элективті пәндерді таңдау және білім алушының БЖОЖ қалыптастыру бойынша ұйымдастыру-әдістемелік және консультациялық жұмыстарды жүргізу үшін құрылымдық бөлімшелер, эдвайзерлер мен деканаттар тартылады.

7.9 Білім алушыларды пәндерге және оқытушыларға тіркеу мақсаты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін, еңбек нарығының және қалыптасқан ғылыми мектептердің қажеттілігін ескере отырып, оқытуды барынша дараландыру және білім алушының зерттелетін модульдік ББ шеңберінде қажетті құзыреттерді алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдайлар жасау.

8 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ТРАЕКТОРИЯСЫН ТАҢДАУ РӘСІМІ

8.1 Қазақстан Республикасындағы жоғары білім берудің заманауи жүйесі білім алушылар мен оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқу реттілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқытудың кредиттік технологиясы бойынша жүзеге асырылады.

8.2 Білім алушы БЖОЖ түрінде өз ББ дербес құрады. Білім алушы тиісті білім деңгейін меңгеру үшін оқу жоспары бойынша талап етілетін оқу жылы ішіндегі кредиттер санын жинап, өзінің ЖОЖ-ын орындауға міндетті;

8.3 БЖОЖ эдвайзердің немесе кафедра меңгерушісінің көмегімен әрбір академиялық кезеңге қалыптастырылады. Эдвайзер пәнге тіркелу кезінде білім алушыға оқыту траекториясын таңдауға көмек көрсетеді.

8.4 Таңдалған ББ оқыту нәтижелері білім алушының БЖОЖ-ы білім беру платформасының электрондық нұсқасында көрсетіледі;

8.5 Білім алушының ЖОЖ-на енгізілетін кредиттердің ең көп саны бір академиялық кезеңдегі кредиттер санына кемінде 30 академиялық кредитке сәйкес келуі тиіс;

8.6 Элективті базалық пәндерді таңдау білім алушының еркін таңдау кезіндегі кәсіптік бағдарын ескере отырып жүзеге асырылады.

9 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕУ РӘСІМІ

9.1 Білім алушылардың элективті пәндерді таңдауы келесі мақсаттарда жүзеге асырылады:

9.1.1 өзінің кәсіптік білімінің мазмұнын қалыптастыруға білім алушылардың белсенді жеке қатысуын қамтамасыз ету;

9.1.2 МжБС сәйкес іске асырылатын ББ меңгеру процесінде білім алушылардың әр түрлі оқыту нысандарын таңдауда бірыңғай тәсілдерді белгілеу.

9.2 Өзінің БЖОЖ құру кезінде білім алушылар:

9.2.1 КОТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерімен танысады;

9.2.2 оқу пәндеріне тіркеудің және БЖОЖ-ға өзгерістер енгізудің белгіленген мерзімдерін сақтайды;

9.2.3 тиісті деңгейдегі ББ игеру үшін оқу жылындағы кредиттердің белгіленген санынан кем емес мөлшерде жазылады.

9.3 Білім алушыларды пәнді оқуға жазуды академиялық күнтізбе мерзіміне сәйкес ұйымдастырылады. Бұл ретте ұйымдастыру-әдістемелік және кеңестік жұмыстарды жүргізу үшін құрылымдық бөлімшелер мен эдвайзерлер тартылады;

9.4 Бағдар беру аптасы кезеңінде кафедра меңгерушілері, эдвайзерлер элективті пәндерді таңдауда, сондай-ақ білім алушының білім траекториясын қалыптастыруда кеңестік көмек көрсетеді. ПОҚ элективті пәндердің презентацияларын өткізеді.

9.5 Оқу пәндеріне тіркеуді білім алушылар өздерінің жеке оқу траекториясын эдвайзермен егжей-тегжейлі талқылағаннан кейін жүзеге асырады, ол пәндерді таңдау мәселелері бойынша түсініктеме береді;

9.6 Университетке жаңадан түскен білім алушыларды тіркеу бағдар беру аптасынан өту кезінде жүргізіледі. Білім алушылардың осы санаты үшін Университеттегі білім алушылар қатарына қабылдау туралы бұйрық негізінде тіркелуге қол жеткізуге болады.

9.7 Жоғары курс білім алушылары академиялық күнтізбеге сәйкес тіркеу кезеңі ішінде келесі оқу жылының пәндеріне тіркеледі.

9.8 Білім алушылардың академиялық топтары осы пәнге жазылған білім алушылардың жеткілікті сан қағидаты бойынша қалыптастырылады. Академиялық лектің толықтырылуы 50-100 білім алушыны, академиялық топты - 25-35 адамды (бакалавриат); 5-15 адамды

(магистратура), академиялық кіші топты - 10-18 адамды құрайды , білім алушылар контингенті аз ББ пәндерін қоспағанда.

9.9 Егер білім алушы пәннің пререквизиттерін (академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты) оқымаса, оған жазыла алмайды.

9.10 Білім алушылар оқу пәніне ең жоғары белгіленген саннан асатын мөлшерде тіркелген жағдайда, осы пән бойынша қосымша академиялық лек қалыптастырылады.

9.11 Егер осы пәнге тіркеу кезеңінде білім алушылардың саны белгіленгеннен аз жазылған болса, онда пән ашылмайды және ОЖЖ-ға енгізілмейді, эдвайзер білім алушыларды ЭПК-да ұсынылған басқа элективті пәндерге қайта тіркеу қажеттігі туралы хабардар етеді.

9.12 Егер білім алушы белгіленген мерзімде оқу пәндеріне тіркеуден өтпеген және өзінің БЖОЖ қалыптастырмаған жағдайда, онда оны оқытудың негізі ретінде осы курстың жұмыс оқу жоспары қабылданады.

9.13 Білім алушылар контингенті аз мамандықтардың элективті пәндері бойынша білім алушылардың академиялық легі барлық білім алушыларды бір пәнге жазу қағидаты бойынша қалыптастырылады.

9.14 Элективті пәндерге тіркелу үшін білім алушылар «Platonus» білім беру платформасындағы өзінің жеке кабинеті арқылы элективті пәндерге бір оқу жылына тіркелуді жүзеге асыруы тиіс.

9.15 Білім алушыны элективті пәндерге тіркеу негізінде БЖОЖ құрылады.

9.16 Жаңа оқу жылына ЖОЖ-ға өзгерістер енгізуді білім алушылар жаңа оқу жылы басталардан бір апта бұрын жасай алады. ЖОЖ-ға түзетулер енгізуге тіркеу аяқталғаннан кейін екі апта ішінде рұқсат етіледі.

9.16 Оқу пәндеріне жазылу жабылғаннан кейін, білім алушылардың ЖОЖ-ына белгіленген тәртіппен түзетулер енгізілгеннен кейін факультет деканы бекітеді және оқу жұмыс жоспарын жасау, осы оқу жылындағы оқу ақысын төлеуді есептеу үшін негіз болады.

9.17 Бекітілгеннен кейін ЖОЖ-дың бір данасы білім алушыда қалады, екінші данасын эдвайзер білімге аралық бақылауды және аралық аттестаттауды ұйымдастыру үшін тіркеуші кеңсесіне береді, үшіншісі кафедрада сақталады және білім алушының білім беру бағдарламасының орындалуы мен игерілуіне бақылауды жүзеге асыру үшін негіз болады.

10 ПРОЦЕСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ҚИМЫЛДАР

11.1 Байланысты тәуекелдер:	11.2 Тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-әрекеттер:
• ЭПК қалыптастыру мерзімдерін бұзу; • жазылу мерзімі туралы эдвайзерлердің нашар хабардар болуы; • аз кредиттер санына жазу; • сыбайлас жемқорлық құқығын бұзу (парақорлық) фактілерін жасыру.	• кафедраларды ЭПК қалыптастыру мерзімдері туралы қосымша хабардар ету; • эдвайзерлерді тіркеу басталғанға дейін тіркеу мерзімі мен тәртібі туралы хабардар ету; • БЖОЖ-ны эдвайзермен тексеру, ТО/ББББ; • сыбайлас жемқорлық құқығын бұзу фактілері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудағы жетістіктер туралы жедел ақпарат беру.

11 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

Жұмыстар мен іс-шараларды орындау кезінде ҚБ және Университеттің лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі мен өкілеттіктерін бөлу кестеде келтірілген:

Бөлімше	Өкілеттіктер
Академиялық сұрақтар жөніндегі проректор	• процесті басқару; • заңнаманың, нормативтік-құқықтық актілердің сақталуын бақылау; • осы ереже талаптарының орындалуын бақылау.
ТК	• құжатталған ақпаратты өзектендіру; • бақылау даналарын тіркеу, ескі құжаттарды алып тастау; • СМЖ ТК құжатталған ақпаратын мұрағаттау; • өзектендірілген құжатталған ақпараттың қолданылуын бақылауды жүзеге асыру; • білім алушылардың пәндерге тіркелуін бақылау және тексеру.
СҚжАБ	• құжатталған ақпараттың сапа саласындағы стандарттар талаптарына сәйкестігін тексеру; • осы Ереженің жаңа нұсқаларын әзірлеу кезінде кеңестік көмек көрсету.
АТБ	• бағдарламалық өнімді техникалық сүйемелдеу.
Декандар	• осы Ереженің тек өзектендірілген нұсқасын қолдану; • білім алушылардың пәндерге тіркелуін бақылау және тексеру; • тіркелген кредиттер санының жеткіліктілігін бақылау және тексеру; • білім алушыларға презентациялар өткізуді бақылау және тексеру
Эдвайзерлар	• осы Ереженің тек өзектендірілген нұсқасын қолдану; • білім алушылардың пәндерді таңдауы мен тіркеуіне кеңес беру және жәрдемдесу; • қайта тіркелу кезінде тексеру және жәрдемдесу (қажет болған жағдайда)

12 ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

Негізгі Ережелер Университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сертификаттау аудитін жүргізу кезінде және басқа жағдайларда Университет ректорының рұқсатымен сертификаттау органдарының сарапшыларынан басқа тараптарға ұсынуға жатпайды.

Н.СҚжАБ-7.5-2025-05-02 (міндетті)

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
АС жөніндегі проректор	Асқарбеков Э.Б.	18.06.25	
ҚжСЖҚБ жетекшісі	Зайнутдинов А.А.	18.06.25	
СҚжАБ жетекшісі	Нурбаева М.З.	18.06.25	
ТК жетекшісі	Сафуани Ж.Е.	18.06.25	
БББББ жетекшісі	Баядилова Б.М.	18.06.25	
АТБ жетекшісі	Айтмаганбетов А.Л.	18.06.25	

Н.СҚжАБ-7.5-2025-05-03 (міндетті)

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы

Н.СҚжАБ-7.5-2025-05-04 (міндетті)

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгеріс номері	Өзгеріс жайында хабарлау номері	Номер листов (страниц)				Барлық беті (өзгерістен кейін)	Енгізу күні	Өзгерісті енгізген тұлғаның аты-жөні	Өзгерісті енгізген тұлғаның қолы
		өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылған				

Н.СҚжАБ-7.5-2025-05-05 (міндетті)

ПЕРИОДТЫ ТЕКСЕРУДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ

Тексеру күні	Тексеруді жүргізген тұлғаның аты-жөні	Тексеруді жүргізген тұлғаның қолы	Ескертулердің тұжырымдамасы